

АРУЛАР МЕН АЯУЛЫ АНАЛАР МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



№16
(2291)
Сенбі
8 наурыз
2025 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ТҰРДЫҒА – ҚАЗАЛЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ



Ардақты аналар!
Аяулы арулар!

Сіздерді шуақты көктемнің шұғылалы мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйелдер – әлемге мейірім мен жаңа өмір сыйлаушы нәзік жан иелері. Әрбір шаңырақтың шаттығын жарастырып отырған аяулы жандарға зор құрмет көрсету – қай ұрпақтың да перзенттік парызы.

«Ер елдің иесі, әйел – үйдің киесі» деген-

дей отбасындағы береке-бірлікке, өмірдегі әсемдік пен нәзіктікке жолбасшы бола жүріп, айналасына ынабаттылықтың нұрын сепкен аналарымыз қашан да құрметке лайық.

Қымбатты аналар!

Аяулы асыл жандар!

Ізгі ниет пен сұлулыққа, сырбаз сезім мен сыйластыққа толы бұл мереке жан-дүниені жадыратып, жүректерге жылу береді.

Сіздер барда сәбилеріміздің жүзінен күлкі кетпей, ер азаматтарымыз еңсесін тік көтеріп жүре бермек!

Осы мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге табыс пен баянды бақыт тілеймін!

Мереке құтты болсын!

Ізгі ниетпен,

**Қазалы ауданының әкімі
Мейрамбек ШЕРМАҒАНБЕТ**

МЕРЕКЕЛІК КЕШ



Шуақты көктемнің ерекше мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында қазалылық ардақты аналар мен аяулы қыз-келіншектер ерекше құрметке бөленді.

Мерекеге орай Әйтеке би кентіндегі Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет үйінде «Әйелмен әлем әдемі» атты мерекелік кеш өтті. Мерекелік шараның шымалдығы нәзік жандылардың құрметіне арналған қойылыммен ашылды.

Салтанатты шарада аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет сөз алып, барша аудандағы

аналар мен әйелдерді, қыз-келіншектер қауымын төл мерекесімен құттықтады.

«Бұл күн асыл ананы, сүйікті жарды, қадірлі қарындасты мейірімге бөлейтін ерекше мереке. Елдің жүгін ер азаматтармен бірдей арқалап, түрлі салада табысты еңбек етіп, тұрақтылықты нығайтуға, елдігімізді баянды етуге үлес қосып келесіздер. Бейбіт тірлік пен берекелі бірліктің ұйытқысы болып отырған ардақты аналарымызға, апа-қарындастарымызға, барша қыз-келіншектерге шынайы ризашылығымды білдіремін», - деді аудан басшысы.



Шарада аудан әкімі түрлі салада ер адамдармен иық тіресе жемісті еңбек етіп жүрген аналарға облыс және аудан әкімінің «Алғыс хатын» табыстады. Сонымен қатар білім саласының ардагері Данагүл Сабырбаеваға, Қазалы аудандық Ұлттық сараптама орталығының зертханашысы Сақып Қуатбайқызына және аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің радиотелефонисті, азаматтық қорғау кіші сержанты Айнұр Тыныштықбайқызына аудан әкімінің «Құрмет грамотасы» табысталды.

Мерекелік шарада көп балалы аналарға «Алтын алқа»

мен «Күміс алқа» төсбелгілері табысталып, алтын құрсақты жандар құрметке бөленді.

Мерекелік шара әрі қарай концерттік бағдарламаға ұласып, айтылған ізгі тілектер мен шырқалған әннің бәрі дерлік асыл ана, адал жар, аяулы апа-қарындастарға арналып, әйелдер қауымын қуаныш шаттыққа бөледі.

Шара соңында барлық аналар мен қыз-келіншектерге мерекелік арнайы сыйлықтар мен гүл шоқтары таратылып, құрмет көрсетілді.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің
баспасөз қызметі**

Қазіргі таңда азаматтық қоғамның тұрақтылығын нығайту – басты міндеттердің бірі. Осы ретте елдің ішкі ахуалын реттеп, атқарушы билік пен азаматтық қоғам арасында байланыс орнатып, сапалы ақпарат алаңын қалыптастыруға жауапты – аудан әкімдігіне қарасты Қоғамдық даму бөлімі. Енді осы бөлімнің жыл ішінде атқарған жұмыстарын баяндап өтсек.

ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ – МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Жәнібек АЛИЕВ,
аудан әкімінің орынбасары
Жалпы мәлімет

«Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік саясатты насихаттап, аудан аумағындағы қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын сақтап, азаматтық қоғам институттарын дамытып, қолдап, діни ахуалды қадағалап және ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Сонымен қатар, бөлім барлық бұқаралық ақпарат құралдарымен әріптестік қарым-қатынас орнатып, мемлекеттік органдар мен мекемелерде мемлекеттік рәміздердің дұрыс пайдаланылуын қадағалайды. Сондай-ақ, түрлі ұлт өкілдері арасындағы татулықты нығайтып, және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырады.

Одан бөлек, жастардың әлеуметтік құқығы мен мемлекеттік кепілдіктерінің толықтығын қамтамасыз етіп, жастарға жағдай жасап, мемлекеттік саясатты тиімді іске асырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік саясатты жүргізеді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларының, басқа да стратегиялық құжаттардың негізгі басымдықтарын, жаңа реформаларды жүзеге асыру үшін ауданда ақпараттық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырады.

«Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімі» КММ-де жалпы штат саны 10, яғни мемлекеттік қызметшілер 3, штаттан тыс қызметкерлер 7.

Бөлімнің құрамында – «Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» және «Қазалы қалалық жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемелері жұмыс істеп келеді. Аталған орталықтар жастардың бастамаларын қолдап, жастар арасындағы ахуалға мониторингпен талдауды жүзеге асырады. Сонымен қатар, жастардың әлеуметтік және жеке дамуына жәрдемдесіп, қолдау көрсетеді.

Қоғамдық-саяси ахуал тұрақты

Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімі тарапынан атқарылып жатқан шаралар аудандағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге

бағытталып, өңірдегі қоғамдық-саяси ахуалдың мониторинг нәтижелеріне сүйене отырып іске асырылады. Мониторинг барысында анықталған қандай да бір әлеуметтік-саяси мәселелердің алғышарттары «Ықтимал әлеуметтік шиеленіс ошақтары картасына» енгізіліп, олардың шешілу жолдары бақылауға алынады.

Аудандағы қоғамдық-саяси, діни, этносаралық ахуалды тұрақты деп сипаттауға болады. Жыл ішінде жаппай наразылық акциясы, бейбіт жиналыстар, пикеттер және демонстрациялар, конфессияаралық сипаттағы дау-жанжалдар орын алған жоқ.

Бөлімнің жауапты қызметкерлері аудан көлеміндегі қоғамдық-саяси ахуалға күнделікті зерделеу жұмыстары жүргізеді. Күн сайын қоғамдық-саяси ахуалға әсер ететін жағдайлар мен өзекті мәселелерді анықтап, алдын алу мақсатында қоғамдық орындар (базарлар, халыққа қызмет көрсету орталығы, теміржол вокзалы маңында) мен мекемелерде тұрғындармен сұхбаттасуын, талдау жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілерге де күнделікті мониторинг жұмыстары жүргізіліп, туындаған мәселелер бойынша талдау жасалады. Жарияланған сыни немесе өзге тақырыптағы материалдарға жедел түрде ақпарат алмасу мақсатында ватсап мессенджері арқылы тиісті сала мамандарынан құрылған арнайы топ жұмыс істейді. Алгоритмге сәйкес 30 минут ішінде жауап берілуі жолға қойылған.

Аудан көлемінде ұсақ құқық бұзушылықтар, оның ішінде жастар арасындағы төбелестердің алдын алу мақсатында жұмысшы топ құрылған, халық көп шоғырланатын орындарда (ойынсауық, қоғамдық тамақтану, мейрамханалар мен түнгі клубтар, тағы басқа) күнделікті түнгі рейдтік жұмыстары жүргізілуде.

Татулық пен бірлік – біздің басты құндылығымыз

Қазалы ауданында этнос өкілдерінің саны 294. Қазалы қаласында 170, Әйтеке би кентінде 103, ауылдық округтерде 21 адам (Басықара аулында 14, Жалаңтөс аулында 3, Майдакөл аулында 1, Ақтан батыр аулында 1, Бекарыстан би аулында 1, F.Мұратбаев аулында 1). Этнос өкілдері жалпы аудан халқының 0,06 пайызын құрайды. Этнос өкілдері аудан халқының



0,06 пайызын құрайды.

Этнос өкілдерінің құрамы: қазақ 96,66 % (78 867 адам), орыс 0,144 % (114 адам), өзбек 0,1035 % (81 адам), татар 0,0416 % (32 адам), кәріс 0,008 % (27 адам), неміс 0,0227 % (18 адам), украин 0,0189 % (15 адам), грек 0,0025 % (2 адам), түрікмен 0,0025 % (2 адам), қырғыз 0,0012 % (1 адам), башқұрт 0,0012 % (1 адам), беларус 0,0012 % (1 адам).

Қазалы ауданы бойынша этносаралық ахуал тұрақты. Аудандық ассамблеяның құрамы этномәдени бағыттағы бірлестік өкілдерінен, қоғамда өзіндік орны, абырой-беделі бар тұлғалардан тұрады. Ассамблея өкілдігі қазіргі таңда «Аналар кеңесі», «Қоғамдық келісім кеңесі» және «Медиация» бойынша жұмыстар атқаруда. ҚХА жанынан құрылған Қазалы аудандық қоғамдық медиа-торлар кеңесінің құрамында 75, Ақсақалдар еңесінің құрамында 15, Аналар кеңесінің құрамында 17 адам мүшелікке қабылданған.

Жыл ішінде тұрғындар арасында этносаралық шиеленіс жағдай орын алған жоқ, арыз-шағымдар мен қақтығыстар тіркелген жоқ. Ауданда қоныстанған интернационал отбасылар мен этнос өкілдері тұрғындар арасында ерекшеленбейді, керісінше олар мәдени және қоғамдық-саяси іс-шараларға белсенді қатысып келеді. Этнос өкілдерінің жалпы әлеуметтік ахуалы тұрақты, кемсітушілік немесе этносаралық алауыздық фактілері тіркелген жоқ.

Жоспарға сәйкес, 2024 жылы этнос өкілдерімен түрлі бағытта 30-ға жуық іс-шара ұйымдастырылып, оған 5 мыңнан астам адам қамтылған. Өткізілген шаралар қатарында дебат, интеллектуалды сайыс, кездесу, мүшайра, акция, көрме, тағы басқа салтанатты мерекелік шаралар бар.

«Бірлік-Единство» этномәдени қоғамдық бірлестігі аудандық ассамблея өкілдерімен бірлескен іс-шараларды өткізуге тұрақты

атсалысып келеді. Бірлестік төрайымы Жұма Нафиса Тайрқызы.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл. Осыған орай жыл ішінде мерейтойлық іс-шаралар кешені әзірленді. Этнос өкілдері арасында кездесулер, «Көңілді тапқырлар» атты интеллектуалды және тағы басқа түрлі сайыстар, «Татулықты тірек еткен ел» атты әр ұлттың әндерін орындаудан аудандық әншілер байқауы, «Дала үні» атты кәсіби емес ұлт-аспаптар ансамбльдерінің облыстық байқауын ұйымдастыру жоспарлануда.

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес, Қазалы ауданында исламдық бағытта 26 діни бірлестік, 1 өзге діни бірлестік жұмыс істейді.

Діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері тұрғындарға дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру, діни экстремизмнің алдын алу, құқықтық және діни сауаттылықты арттыру мақсатында жастар, мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлері арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытында ақпараттық-түсіндірме тобының мүшелерімен түрлі бағытта 95 іс-шара өткізіліп, 2840 адам қамтылған.

Ауданда кадр тапшылығын болдырмау және діни бірлестіктерді дінтанушы-теолог мамандармен қамту мақсатында бөлім қызметкерлері теологиялық білім алушылармен тұрақты байланыс орнатып келеді.

Бүгінде «Нұр-Мұбарак» Египет Ислам мәдениеті университетінде 6 студент, аудандағы қарилар дайындау орталығында 17 бала діни білім алуда. (Жалғасы бар)

●8 наурыз - халықаралық әйелдер күні мерекесі!

АНАЛАР – АСЫЛ ЖАНДАР

Көктемнің жаңаруымен бірге ілесіп келетін 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесін әр жыл сайын дәстүрлі түрде тойлап келеміз. Әрбір ана, әрбір нәзік жандылар қандай болса да сый-құрметке лайық.

Сондай жанның бірі - ардақты әже, алтын құрсақты ана, салиқалы жар бола білген анамыз Әлима Бернешова. Ол 1941 жылы Қазалы ауданының Жданов колхозында дүниеге келген. Ол жастайынан еңбекке араласып, анасына көмекші бола білген. 4 кластық мектепті бітірген соң, егін егумен, орақ орумен айналысады. Анасына қарайласқан бойжеткен әрі қарай оқуға мүмкіндігі болмаған. Кейін 19 жасында тұрмыс құрып, Қазалы локомотив депосына жұмысқа орналасып, 25 жылға жуық өмірін теміржол саласына арнайды.



Үй шаруасымен жұмысты қызығын көріп отыр. қатар алып жүре білген Жеткерген Бернешов бар ардақты ана жолдасы Жеткерген Бернешовпен бірге 7 ұл-қыз тәрбиелеп, 24 немерешөбересі мен 1 шөпшегінің шебер тартады. Күмбірлете

тартқанкүйлерінтыңдармандар сүйсіне тыңдайды.

Қазіргі кезде ерлі-зайыптылар бейнеттің зейнетін көріп отырған ақсақалды қария мен ақ жаулықты әже.

Әлима ананың ұл-қыздары да әке мен ананың еңбек жолын жалғап, ізін басып келеді. Олар да теміржол саласынан алыс кетпеген.

Әлима анамызды 8 наурыз – әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтап, деніне саулық, отбасына амандық тілейміз. Барша нәзік жандыларды, ардақты аналар мен аяулы қыз-келіншектерді көктемнің жайма шуақ күнімен қатар келген мерекесімен құттықтаймын. Әр шаңыраққа мол бақыт тілеймін. Гүлдей жайнап, құлпырып жүре беріңіздер! Әйелмен әлем көрікті!

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

АРДАГЕР ҰСТАЗ НАДЕЖДА

Өзінің саналы ғұмырын, бар күш-қайратын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге арнаған ұлағатты ұстаз, өнегелі тәлімгер, еңбек ардагері «Батыр ана» медалінің иегері Қалиқызы Надежда Омарова жайлы әңгімелемекпін.

Әкесі Қали Атайұлы Омаров пен анасы Үмбеталиева Қымыз екеуі Күләш, Надежда, Үрістембек, Ұлықпанбек есімді балаларын өнегелі етіп тәрбиелеп ержеткізді.

Надежда «Жаңаталап» колхозында 1939 жылы 20 қыркүйекте дүниеге келген. 1951 жылы Қазақстанның отыз жылдығы атындағы колхоздағы мектеп табалдырығын аттайды. Кейіннен колхозға Ғани Мұратбаев есімі беріледі. Осы ауылдағы мектептің төртінші сыныбын бітіргеннен кейін отбасының жағдайына байланысты ЖаңаҚазалы қыстағындағы №420 мектепте оқуын жалғастырады. Батыс Қазақстан темір жолына қарайтын мектепте білікті ұстаздар: Әділбаев Қаражан, Көшкімбаев Әмит, Наурызбаева Раш, Жүсіпов Байжігіт есімді өте сауатты, әдіс-тәсілдерді мол білетін



өте қызғылықты өткізуге талаптанатын.

Надежда мектепте бірге оқыған жолдастарын тебірене еске алады. Төлебаева Марияш, Арықбаев Кеңес, Қосмамбетов Төлеген, Избасаров Разақ, Қалниязов Манер, Оңталапова Балзуралармен бірге оқып, мектепте өтетін тәрбие

сағаттары, ашық сабақтар, неше түрлі кездесулерде соғыс ардагерлері, соғыс кезінде еңбек майданында еңбек еткендер, темір жол майталмандарының өмір жолдарымен танысып, олардың көрген қиыншылықтарымен, өмірдегі қуаныштарын тыңдай отырып солардан өнеге алатын.

1960 жылы мектепті ойдағыдай бітіргеннен кейін арман қуған жастар жан-жаққа тарап, жоғары оқу орындарына баруға талаптанады. Надежда апамыз Шымкент қаласындағы педагогикаинститутының қазақ тілі және әдебиет факультетіне оқуға түседі. Институттың үшінші курсы бітіргенде сөз байласып жүрген жігіті Әли Жұманұлы Қадірқұлов ол

да Ташкент темір жол институтының құрылыс факультетінде оқып жүрген, ұсыныс жасап тұрмыс құратын болады. Сүйтіп ойламаған жерден отау құрып, Қызылорданың педагогикалық институтына ауысып, 1965 жылы институтты бітіріп шығады. Сол жылы №420 мектепке жұмысқа

орналасады. Алайда мектепте өз пәнінен сағат болмағандықтан апамыз физика пәнінің лаборанты болады. Келесі жылы бастауыш сыныптарының мұғалімі болып ауысады. Темір жол басқармасына қарасты №18 теміржол орта мектебі ашылып, мектепке Надежда апайда шақырылып, өз пәнінен сабақ бере бастайды. Жаңа мектепке келгеннен кейін әріптестері: Өтегенова Хадиша, Шерекенова Назира, Тайпақова Үрқия, Ағыбаева Дамилия, Ршымбетов Қуантай, Басенов Болат және директордың орынбасары Баубекова Рахиламен бірге білім саласында жүргізіліп жатқан реформаларды жүзеге асыруға, заманауи білім беру жүйесінің дамуына үлес қосады. Соның айғағы Алматыдағы білім ордасынан келген инспектор Мұрат Алиев мектептің жұмысына оң баға беріп кеткен болатын.

Надежда апамыз мектепте 5,6,7,8 сыныптарға жетекші болып, сабағынан бұрын тәрбие сағаттарын сапалы өткізуге тырысқан. Шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие беріп, келешекте өз мамандығының шебері болуға тәрбиелеген ұстаз. Мектепте өз еңбегімен көзге түсіп, Батыс Қазақстан

темір жолына қарасты мектептің үздік мұғалімі ретінде алғыс хаттар мен грамоталарға ие болған. Сонымен бірге көп балалы «Батыр ана» медалінің иегері. Он бір бала тәрбиелеп өсірген, балалары жоғары оқу орнын бітіріп, үйлі –баранды болып, балаларын өсіріп, немере сүйіп отырған отбасы.

Осы әулетпен танысқанда, қыдыр дарыған, ынтымағы жарасқан өнегелі отбасы екендігіне күмәнім жоқ. Надежда апамыздың өмірлік жары Әли аға ауданға белгілі азамат, ақсақал. Екеуі ұл-қыз тәрбиелеп өсірген, немере, шөбере ортасында өмір сүріп келе жатқан асыл жандар. Баласы Асылбек пен келіні Қазыбек қызы Айгүл шал мен кемпірдің қас-қабағына қарап, олардың жағдайын жасап құрақ ұшып жүрген жандар. Надежда апамыздың ұрпақ тәрбиесіндегі ерен еңбегі бағаланып, Қазақстан Республикасы білім министрлігінің грамотасымен марапатталған.

Надежда апайды 8 наурыз –Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтап, зор денсаулық, отбасына баянды бақыт тілеймін.

Жеткербай
МАХАМБЕТ

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық күш көрсету, психологиялық, жыныстық сипаттағы және (немесе) экономикалық зорлық-зомбылық түрінде болуы мүмкін. Тұрмыстық зорлық-зомбылық әрекеті орын алған жағдайда зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы кезінде төмендегідей жұмыстар атқарылады.

1) профилактикалық әңгімелесу;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасау не қорғау нұсқамасын шығару үшін тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізу;

3) қорғау нұсқамасы;

4) әкімшілік ұстау;

5) зорлық-зомбылықтың орын алу себебі алкогольдік ішімдік қолдану салдарынан болған жағдайда медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары;

6) құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу;

7) әкімшілік жаза қолдану шаралары жүргізіледі.



Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа көбінесе әйелдер, жас балалар және егде жастағы қарттар ұшырайды. Егде жастағы адамдарға зорлық-зомбылық көрсететін жанұядағы балалары болуы мүмкін. Қазалы аудандық полиция бөліміне өткен жылы тіркелген статистикалық деректерде егде жастағы адамдарға зорлық-зомбылық көрсетуші масаң күйдегі жұбайы және балалары

екені анықталды. Сондықтан құқық бұзушыға қатысты Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73 бабымен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама рәсімделіп, профилактикалық бақылау шаралары жүргізілді.

2024 жылғы 15 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына қол қойды. Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру (бұрын ҚР ӘҚБтК-нің 73-1 бабы, қазір ҚР ҚК 108-1 бабы) және ұрып-соғу (бұрын ҚР ӘҚБтК-нің 73-2 бабы, қазір ҚР ҚК 109-1 бабы) қылмыстық құқық бұзушылық ретінде танылды.

Аудан тұрғындары зорлық-зомбылық әрекеті орын алған жағдайда 102 телефон нөміріне қоңырау шалып, зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік танытуы керек.

Сәуле БИШЕКОВА,
Қазалы АПБ-і Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторы, полиция капитаны

МҰЗДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ МЕН ІС-ҚИМЫЛ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі қыс мезгілінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында көптеген іс-шаралар атқаруда. Дегенмен азаматтардың қарлы күндері балық аулау, мал іздеу кезінде адасу жағдайлары, мұз үстінен өту кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтамау салдары және тағы да басқа жағдайлар орын алуы азаяр емес. Қыс мезгілі басталғаннан бері облыс бойынша су айдындарында мұз үстінен жаяу өту және автокөлікпен жүру кезінде қауіпсіздікті сақтамау салдарынан суға кеткен жағдайлары, мұз үстінде балықшылардың балық аулау кезінде жоғалуы, далалы жерде адасу жағдайлары жиі орын алуда.

Мұз үстінде сақ бола отырып, Сіз өз өміріңізді сақтайсыз! Мұқият және абай болу кез-келген күтпеген жағдайды оңтайлы шешуге көмегін тигізеді. Осындай жағдайлардың алдын алу, және сақтану мақсатында Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі төмендегі қауіпсіздік ережелерін ұсынады:

- Жұқа, қатпаған өзен, көл, канал, арықтар мен су қоймаларында мұз үстіне шықпаңыз;
- мұз жүрген кезде мұз үстімен қайықпен суда жүрмеңіз;
- мұз өткелдерінде аса сақ болыңыз, ескерту қалқандары мен хабарландыруларды мұқият оқып жүріңіз;
- мұз жүрген кезде жағалау жанында

балалардың ойнауына жол бермеңіз.

- жоғарыдағы қауіпсіздік шаралары жайлы балаларға үнемі ескертіңіздер.

Егер, аяқ астыңыздағы мұз опырылып түсіп, айналаңызда ешкім болмаса – дүрбелең салмай, екі қолды екі жаққа жайып, мұз ернеуіне тіреліңіз, және арқаңыз немесе ішіңізге баяу жатыңыз, қатты мұздың үстіне шығып, келген жаққа бағыт алыңыз.

Егер, өзіңіз біреуге қол ұшын берсеңіз, онда міндетті түрде зардап шеккен адамды судан шығару үшін таяқ, белдік, шарф және тағы басқа беріңіз. Соңынан, зардап шеккенді жылы жайға апарып, құрғатып, киім-кешектерін ауыстырып, ыстық шәй беру қажет. Қажет болса, емдеу мекемесіне жеткізу керек.

Қыс мезгілінде мұз үстінде жүру кезінде абай болыңыз! Өз өміріңізді қауіп-қатерге тікпеңіз!

Егер, Сіз, апат, жазатайым оқиғаның куәгері немесе өзіңіз қиын жағдайға душар болсаңыз, «101» немесе «112» шұғыл қызметтерді шақырудың бірыңғай нөміріне дереу қоңырау шалыңыз. Қоңыраулар кез келген байланыс құралдары арқылы (телефон, ұялы телефон) тәулік бойы және тегін қабылданады.

Шапағат ЕРМЕКБАЕВ,
Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы,
азаматтық қорғау майоры

● Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттардың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес және ардагерлер кеңесі жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ҚР Мәдениет қайраткері, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері Қуаныш Жиенбайдың анасы

ЖИЕНБАЕВА АЙЫМКҮЛ ӨМІРЗАҚҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасы мен туғандықтарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

"Қазпошта" АҚ Қызылорда облыстық филиалының ұжымы "Қазпошта" АҚ басқарма төрағасы Жанасова Әсел Жұбанышқызына сүйікті әжесі

ЖИЕНБАЕВА АЙЫМКҮЛ ӨМІРЗАҚҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

"Тұран-Қазалы" газетінің редакциясы "Қазпошта" АҚ басқарма төрағасы Жанасова Әсел Жұбанышқызына сүйікті әжесі

ЖИЕНБАЕВА АЙЫМКҮЛ ӨМІРЗАҚҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

"Тұран -Қазалы" газетінің редакциясы жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты Қуаныш Жиенбаевқа анасы

ЖИЕНБАЕВА АЙЫМКҮЛ ӨМІРЗАҚҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.